11.11.2019-ғы № 10-08/3154 шығыс хаты

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТАВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

030010, Актөбеқаласы, Әбілқайыр-хан даңғылы, 40,

030010, город Актобе,пр.Абылхаир-хана, 40 тел./факс /7132/ 54-69-50

2019 жылғы «11» қараша

№ 10-08/3154

«АСК-profit» ЖШС

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағын негізге ала отырып, №3627026-1 «Кеңқияқ ауылдық ауруханасын күрделі жөндеу «жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша жұмыстар» ашық конкурсына жазылған 2019 жылғы 28 қазандағы №57472 шағымыңызға келесіні хабарлайды.

2019 жылдың 28 қазанында №3386121 қорытындылар туралы хаттамасы жарияланған. Хаттамада конкурстық комиссия «ТОП ПРОЕКТ» ЖШС-не бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесін 5 жыл деп, жалпы шартты жеңілдігін **13%** деп есептеген.

Ал, «АСК-profit» ЖШС-не бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесін 8 жыл деп, жалпы шартты жеңілдігін **12%** деп есептеген.

ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 170-тармағына сәйкес веб-портал автоматты түрде конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын салыстырылады және неғұрлым аз шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын анықтайды.

Демек, «ТОП ПРОЕКТ» ЖШС-і жалпы шартты жеңілдіктің есебінен жеңімпаз атанып отыр.

Ескерте кететін мәлімет, камералдық бақылау «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының» 19-тармағының 2 абзацына сәйкес жүргізілді.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Сонымен қатар, заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент
басшысының м.а. **К.Жумабаев**

Орын. Алматов Д

11.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Тел: 8/7132/54-46-41

Результаты согласования
11.11.2019: Бекмурзин К. А. (Отдел камерального контроля) - - согласовано без замечаний

11.11.2019 ЭКАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)